

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 475-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағының 58) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«58) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – оны ұстаушының Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарызға қатысты құқықтарын куәландыратын немесе оны ұстаушының қосалқы жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан табыстар алуға құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз;»;

2) 206-баптың 3-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер немесе мемлекеттік ислам бағалы қағаздары түрінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз алушы болатын, оны ұстаушының қарызға қатысты құқықтарын куәландыратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз мемлекеттік қазынашылық міндеттеме болып табылады.

Қосалқы жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан түскен табыстарды алуға оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз мемлекеттік ислам бағалы қағазы болып табылады.

Мемлекеттік ислам бағалы қағазы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес белгіленген исламдық қаржыландырудың негізгі қағидаттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен шығарылады.».

2. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-

құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 1 - б а п т а :

34-1) тармақшадағы «осы Заңға сәйкес акционерлік қоғамның не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және ислам бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға» деген сөздер «ислам бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыратын, осы Заңға сәйкес акционерлік қоғамның не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын заңды тұлға, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме)» деген сөздермен ауыстырылсын;

34-3) тармақшадағы «түскен активтер мен» деген сөздер «түскен активтерге және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;

51) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«51) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – оны ұстаушының Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарызға қатысты құқықтарын куәландыратын немесе оны ұстаушының қосалқы жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан табыстар алуға құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз;»;

60-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«60-1) оригинатор – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сай келетін, сатып алу-сату шартының негізінде активтерді ислам арнайы қаржы компаниясына беретін және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясының құрылтайшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы

Жалдау шартының негізінде активтерді ислам арнайы қаржы компаниясына беретін , мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган оригинатор бола алады;»;

2) 32-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«32-3-бап. Исламдық жалдау сертификаттары

1. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, ислам арнайы қаржы компаниясы оларды шығару кезінде айналым мерзімін алдын ала белгілей отырып шығаратын, ұстаушылары жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша табыстар алу құқығына ие болатын ислам бағалы қағаздары исламдық жалдау сертификаттары болып табылады.

Егер мемлекеттік мекеме ислам арнайы қаржы компаниясы болып табылатын жағдайда, ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар қосалқы жалдау шарты бойынша табыс алу құқығына ие болады.

2. Исламдық жалдау сертификаттары оларды ұстаушыларға мынадай:

1) мемлекеттік мекеме ислам арнайы қаржы компаниясы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша табыстар алу;

2) егер мемлекеттік мекеме ислам арнайы қаржы компаниясы болып табылатын жағдайда, қосалқы жалдау шарты бойынша табыстар алу;

3) бөлінген активтерді құрайтын мүлік үлесіне сәйкес келетін, ұстаушыға тиесілі исламдық жалдау сертификаттары санының орналастырылған исламдық жалдау сертификаттарының жалпы санына пропорционал мөлшерінде ақша сомасын алу;

4) эмитенттің (оригинатордың) қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде исламдық жалдау сертификаттарын шығару проспектісінде айқындалған тәртіппен эмитенттің (оригинатордың) қаржылық есептілігімен танысу;

5) қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан исламдық жалдау сертификаттарына ұстаушылардың меншік құқығын растайтын үзінділер алу құқықтарын;

б) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды береді.

3. Мемлекеттік мекемені қоспағанда, ислам арнайы қаржы компаниясы исламдық жалдау сертификаттарын шығару, оларды орналастырудың нәтижесінде алынған ақшаға мүлік сатып алу, сондай-ақ осы мүлікті жалдау (қаржы лизингі) шарты бойынша түскен төлемдерді исламдық жалдау сертификаттарын ұстаушылар арасында бөлу үшін құрылады.

Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы ислам арнайы қаржы компаниясы исламдық жалдау сертификаттарын шығаруды, сондай-ақ мүлікті қосалқы жалдау шарты бойынша түскен төлемдерді исламдық жалдау сертификаттарын ұстаушылар арасында бөлуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы ислам арнайы қаржы компаниясы мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен активтерді жалдау шартын және автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен активтерді қосалқы жалдау шартын жасасады.

Бөлінген активтерді жалдауға және қосалқы жалдауға беру туралы шешімді, сондай-ақ оларды беру талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

4. Мемлекеттік мекеме ислам арнайы қаржы компаниясы болып табылатын жағдайды қоспағанда, исламдық жалдау сертификаттарының айналымы ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтеріне кіретін мүлікті жалдау (қаржы лизингі) шартын жасасқаннан кейін мүмкін болады.

Мемлекеттік мекеме ислам арнайы қаржы компаниясы болып табылатын жағдайда, исламдық жалдау сертификаттарының айналымы ислам арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтеріне кіретін мүлікті қосалқы жалдау шартын жасасқаннан кейін мүмкін болады.

5. Оригинатор ислам арнайы қаржы компаниясынан мүлікті сатып алғанда жағдайда исламдық жалдау сертификаттарын шығару проспектісінде исламдық жалдау сертификаттарын мерзімінен бұрын өтеу шарты көзделуі мүмкін.

Мемлекеттік мекеме шығарған ислам жалдау сертификаттарын мерзімінен бұрын өтеу оригинатор ислам арнайы қаржы компаниясымен мүлікті жалдау шартын бұзған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Исламдық жалдау сертификаттарын шығарудың, орналастырудың, олардың айналымының және өтеудің өзге де талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.»;

3) 32-5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы «кеңесі немесе ұлттық холдингтің, ұлттық басқарушы холдингтің немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз проценті ұлттық басқарушы холдингiне тиесілі заңды тұлғаның» деген сөздер «кеңес немесе сатып алу-сату шартының негізінде активтерді ислам арнайы қаржы компаниясына беретін және (немесе) ислам арнайы қаржы компаниясының немесе мемлекеттік мекеменің құрылтайшылары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 32 - 6 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік мекемені қоспағанда, ислам арнайы қаржы компаниясын ислам арнайы қаржы компаниясына мүлкін және (немесе) бөлінген активтерін беретін оригинатор құрады.

Егер ислам арнайы қаржы компаниясы қызметін мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында жүзеге асырған жағдайда, мүлік және (немесе) бөлінген активтер мұндай компанияға жалдау шарты бойынша беріледі.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органды қоспағанда, оригинаторға қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік мекемені қоспағанда, ислам арнайы қаржы компаниясын құруға және оның қызметіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы 11-1 және 14-тармақтармен толықтырылсын:

«11-1. Мемлекеттік мекемеге жалдау шарты бойынша берілген активтер исламдық жалдау сертификаттары бойынша қамтамасыз ету болып табылмайды.»;

«14. 1, 3, 5, 10 және 11-1-тармақтарды қоспағанда, осы баптың талаптары мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы ислам арнайы қаржы компаниясының қызметіне қолданылмайды.».

3. «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 246-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 2-3-тармақпен толықтырылсын:

«2-3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдары немесе

олардың учаскелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында әрекет ететін ислам арнайы қаржы компаниясының ислам бағалы қағаздарын шығару шеңберінде жалға берілуі мүмкін.»;

2) 11-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:
«5-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін ислам бағалы қағаздарын шығару шеңберінде жалға беру туралы шешім қабылдау;»;

3) 12-баптың 25) тармақшасындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:

«26) Қазақстан Республикасының исламдық жалдау сертификаттарын шығаруы шеңберінде олардың нысанасы жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдары немесе олардың учаскелері бола алатын қосалқы жалдау шартын жасасу жатады.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев